**plans.label.author**: Сейсенбаева Лаззат Айтбаевна Айтбаевна
**plans.label.category**: Жаратылыстану
**plans.label.class**: 2-сынып
**plans.label.section**: Жер және Ғарыш: Ғарыш
**plans.label.theme**: Ай-Жердің табиғи серігі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.4.1.2.Жердің табиғи серігін анықтау. 2.1.2.2.Бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат,нысан,жоспар,мерзім,нәтиже) |
| Сабақтың мақсаты: | барлық оқушылар: Ай-Жердің жалғыз серігі екенін біледі<br>Көптеген оқушылар: Берілген тапсырмаларды орындай алады<br>Кейбір оқушылар: Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттей алады |
| Тілдік мақсаттар: | Жаңа терминдермен танысады және олардың үш тілде айтылуын біледі.<br>Ай-Луна- moon Жер-Земля –land Серік-партнер- partner |
| Күтілетін нәтиже: | Ай-Жердің жалғыз серігі екенін біледі.<br>Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттей алады және берілген тапсырмаларды орындайды. |
| Бағалау критерийлері: | Ай - Жердің табиғи серігі екенін біледі;<br>Айдың Жерді қозғала айналатындығын зерттейді |
| Құндылықтарды дарыту: | Ғарыш туралы білуге, зерттеуге деген құлшыныстары артады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Білімланд сайты, imektep, интерьактивті тақта,слайдтар |
| Пәнаралық байланыс: | Сабақ дүниетану,еңбек пәнімен байланысты |
| Бастапқы білім: | Жер мен күн туралы білім алды. |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (Басталуы 3 минут) | Қызығушылықты ояту .<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Психологиялық ахуал орнату.<br>«Күлкі сыйладым» Білім алушылар күлкі бейнесіндегі смайликті бір-біріне табыстау арқылы күлкі сыйлап, сәттілік тілейді.<br>Топқа бөлу, Оқушылар Ай,Жер,Күн,Ғарыш суреттерін таңдау арқылы топқа бөлінеді. | Суреттер мен смайликтер |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30 минут) | Ой қозғау. Өткен сабақты бекіту үшін "Күн шуақтары" әдісі арқылы сұрақтарға жауап алу.<br>Жерге жақын ғаламшар? (Күн)<br>Күннің түсі қандай? (сарғыш,жұлдыз)<br>Ол қандай шар? (Ол қызған үлкен шар)<br>Күн жерге не береді? (жылу,жарық)<br>Жер нені айнала қозғалады? (Күнді)<br>Кері байланыс."Бас бармақ"<br>Мына суреттерден не байқап отырсыңдар? Кімдер? (жолсерік)<br>-Серік деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>-Ал мына суретерде не бейнеленген? ( Жер мен ай)<br>- Жер мен айды қалай ажыраып отырсыңдар? ( Жерде, материктер орналасқан)<br>-Қайсысы үлкен, салыстырып көріңдер?<br>Ай мен Жерді неге бірге көрсетіп отырмын?<br>*Ай-жердің серігі, қалай,неге? Ол сұрақтардың барысын бүгін білетін боламыз.<br>Мағынаны тану.<br>Күннің жады.<br>Жаңа сабақ. «Ай –Жердің табиғи серігі.<br>Ай туралы мәлімет алу.<br>Кітаппен жұмыс.<br>Миға шабуыл.<br>Топтық жұмыстар.<br>1-топ: «Суретті әңгіме»<br>Сызбадағы Жер мен Айды анықтап,атауларын жазады және бояйды.<br>Бағалау критерийлері:<br>Сызбадағы Жер мен Айды анықтайды.<br>Атауларын жазады.<br>Суретті бояйды.<br>Айды сипаттап жазады.<br>2-топ: «Дұрыс-бұрыс»<br>Берілген тұжырымдар дұрыс болса, жасыл белгісін,дұрыс емес болса. қызыл белгісін сәйкес дөңгелекшелерге қой.<br>Бағалау критерийлері:<br>Оқушылар тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере алады.<br>Дұрыс тұжырым тұсына жасыл белгісін қоя алады.<br>Дұрыс емес тұжырым тұсына қызыл белгісін қоя алады.<br>3-топ «ЗЕРТТЕ!» Ермексазбен жұмыс.<br>Ай мен жердің үлгісін жасау<br>Бағалау критерийлері:<br>Ермексаздан ай мен жердің модельін жасайды;<br>Жер модельін дұрыс орналастырады;<br>Ай модельін қарама-қарсы ұшына бекітеді;<br>4-топ: «Сөзден сөйлем»<br>Айға қатысты мақалдар құрастыру.<br>Жыл деген ат басын бұрғанша,<br>Ай деген аунап тұрғанша.<br>Ай толық болса, айдыны әлемге кетер.<br>Ай қораланса<br>Арбаңды сайла,<br>Күн қораланса,<br>Күрегіңді сайла.<br>Ескі ай есірке,жаңа ай жарылқа<br>Ай мен күн әлемге бірдей.<br>Бағалау критерийлері: Мақалдарды ретімен құрасыра алады.<br>Әр топ өз жұмысын басқа топ алдында қорғайды.<br>Топтық бағалаулар жүреді." Бас бармақ"<br>Сергіту сәті. " Сөйлемді толықтыр" | Интерактивті тақта,слайд 5e2be085431cd.png<br><br>Image not found or type unknown<br><br>5e2be0725f876.png<br><br>Image not found or type unknown<br>bilimland.kz<br>https://imektep.kz/kz |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(4 минут) | Сабақты қорыту.Топтарға тапсырма беріледі.<br>1-топ "Дұрыс, дұрыс емес"<br>2-топ"Артығын алып тастау"<br>3,4-топ" Тест" | bilimland.kz<br>https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-1199<br>https://imektep.kz/kz/game#true_false-1334<br>imektephttps://imektep.kz/kz/game#quiz-1198 |
| Рефлексия<br>(3 минут) | Кері байланыс "Ай сыры"<br>Оқушылар бүгінгі сабақ туралы алған білімдерін стикерге жазып кері байланыс береді.<br>Толық ай: Керемет!<br>Жарты ай: Жаман емес!<br>Қиық ай: Болмады! | стикерлер |